

Елімізде осыдан 3 жыл бұрын 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа арналған стратегия бекітілген болатын. Соның аясында арнайы мониторингтік топ та құрылған еді. Ондағы мақсат – топ мүшелерінің ел-елді аралап, халықпен кездесу арқылы алыстағы ағайынның мәселесін анықтау. Тек анықтап ғана қоймай, оны шешуге де атсалысу. Ойткені мониторингтік топтың құрамында ой-пікірлерін жасырмай айта алатын, халықтың сеніміне ие болған азаматтар бар. Жуырда бұл топ өңір-мізге екі күндік іссапармен келген болатын. Өңірлік коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдерімен кездескен конақтар бұл жолғы келудегі басты мақсатын айтты.



– Бұл мониторингтік топтың мүшелері ретінде екіншісі емес, қоғамның көшбасшылары, жасырмай ойын, пікірін айта алатын, елдің алдында жүрген, халықтың қалаулы азаматтары таңдалып алынған. Біз бәріміз жұмыла, қоғаммен бірлесіп отырып, қазір көрсетіліп жатқан мемлекеттік қызметтің сапасы қандай, халық оған сенім артып отыр ма, осы тектес- басқа да бақылау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Қазір бұл мониторингтік топ Қазак-станның барлық өңірін аралап келе жатыр. Қызылордада іссапарамыз бүгін басталды. Өткен жолы жасалынған ұсыныстарды да қарай кетеміз. Түзелген бе, жоқ па. Сонымен қатар агенттіктің басты ұстанып отырған саясаты – ашықтық. Біздер барынша ашықпыз. Сіздер арқылы бұқара халыққа агенттікке кез келген мәселеде, кез келген уақытта хабарласу мүмкіндігі зор екенін жеткізгіміз келеді, - деді ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қоғаммен байланыс департаментінің директоры Арман Бердалин.

Республикалық арнайы мониторингтік топтың шалғай елді мекендерді аралап, ондағы мәселемен танысуы – бұл қағаз жүзінде «бәрі керемет» деп берілетін құжатқа емес,

халыққа сенетінді-гінін дәлелі. Шындығында, тек осылай ғана жемқорлық дертінен айығуға болады.

*– Өздеріңіз білесіздер, Trans-parency International үкіметтік емес халықаралық ұйымының рейтингісінде Қазақстан өте төмен орын алған болатын. Өйткені бұл ұйым мемлекеттен қандай да бір салаға қанша қаржы бөлінді, оның қаншасы игерілді, қанша мемлекеттік қызметкер сыбайлас жемқорлық дерегімен үсталды, мемлекет қандай заңды актілер қабылдады деген сияқты ақпараттарға қарамайды, олар қарапайым халықтың пікірімен санасады. Егер халық өмірде сыбайлас жемқорлықпен бетпе-бет жиі ұшырасатынын айтса, сол пікірді ескереді. Сондықтан біз бұл ұйымның рейтингісінде төмен орын алған едік. Бірақ осы жылы жүргізілген жұмыстардың арқасында Қазақстан жемқорлықпен күрес жүргізуде 9 сатыға көтеріліп, бүгінде әлем бойынша 122-орынды иеленді,- деді республикалық арнайы мониторингтік топ жетекшісі Айгүл Соловьева.*

Рас. Мониторингтік топ өткен жолы келгенде облысымызда кезде-сөтін бірқатар кемшіліктерді байқапты. Осы жолы солардың кейбірі реттелген екен.

*– Мысалы, Астанаға қарағанда- Қызылорданың автоқонын (авто-көлік жүргізушілеріне қызмет көрсету орталығы. – ред.) мақтап кеттім. Кейбір техникалық ақау-лары бар екенін айттым, әрине. Биыл келдік, өзгерді. Сондай-ақ дәрігерлердің қосымша жұмыс істеу уақытын қосу туралы айтқан болатынбыз. Өйткені көп жағдайда сенбі күні дәрігерлер жұмыс істемейді де, азаматтар демалғанда бара алмай жатады. Бір мекеменің кемшілігінен дәрігерге қаралу үшін олар бір жұмыс күнін кейде жоғалтып жатады. Осы жайлы ұсыныс бердік, мәселе шешіліп жатыр. Жер қатынастары бойынша да біраз ұсыныстар айттық. Астана, Алматы болсын бір кәсіп ашылса, коммуникацияға қосылу бойынша берілетін ақпараттарға көп сын айтылады. Мен енді кәсіпкерлер палатасының өкілі ретінде келіп осыны айтып өдім, жана ғана өзгергенін көріп қуанып жатырмыз. Бір облыста жоқ, шынын айтайын. Қызыл-ордада қай жерде қандай коммуникация жатыр, қай жерге қалай қосу керек, соның бәрін бүкіл келген кәсіпкерлерге тегін беріп жатыр. Ал бұл ақпаратты көп жерде кей-бір топ пайда табу үшін сатып жүр,- деді «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жасыл экономика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар коми-тетінің мүшесі Мұрат Абенев.*

Сөз соңында, республикалық мониторингтік топ мүшелері қарапайым халықтан сыбайлас жемқорлық деректерін байқаса, өздеріне жүгінулеріне болатынын жеткізді.